

Қыз, ана — әр әулетте берекеміз, Құтты болсын көктемгі мерекеніз!



Еңбекшіқазақ

www.mezel.kz e-mail: enkb@mail.kz

Еңбекшіқазақ аудандық қоғамдық-саяси апталық • Еңбекшіқазақ ауданының облыстық-политический еженедельник

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛАҒЫН Ю ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ №10 (6897)

08.03.2019.



Аудан әкімі Бүндәлі Бісғалиұлы Сұртықтайұлы

Құрметті ақ жаулықты аналар, аяулы арулар!
Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Қашанда елге тұтық, ұрпаққа пана болған әйелдерсіз жарық дүниені, төрткүл әлемді елестету мүмкін емес. Шуақты көктемнің алғашқы күндері осындай салтанатпен басталуының өзіндік ерекшелігі бар. Себебі, табиғат тіршілігінің басталуын көктемнен алса, адамзат өз өмірінің басталуын анадан алады. Ана бір қолымен бесік тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді.

Сіздер мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізіп келесіздер. Біз әрқашанда қоғамның дамуын, өмірде – нәзік, ал істе – мығым әйелдер қауымымен тығыз байланыстырамыз.

Әйелдер қауымы табысты, іскер адам болуымен қатар отбасы, ошақ қасының ұйытқысы, ырыс-берекесі. Осы орайда Еңбекшіқазақ ауданында да, бүкіл өліміздегідей бала туу деңгейі артып келеді. Өрпінге, бұл өте қуанарлық жағдай. Әйелдің мейірімі, махаббаты мен жан шұағы әр уақытта кез келген қиындықты жеңуге көмектеседі, бұл адамзаттық қиындықтардың сақталуына, әр ұлт



«Мен өркендеген Қазақстан – ең алдымен мемлекеті өзін қорғап, қолдаптынын, қамқорлық жасайтынын сезінетін, тиісінше елін жан жүрегімен сүйетін, өздеріне сенімді адамдар деп санаймын. Сол себепті, біз бүгін жаңа, ауымыды әлеуметтік жобаларға жол ашаймыз. Біз соңғы жылдары қазақстандықтардың басына алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін көп нәрсе жасадық. 2017 жылы 11,2 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл рекордтық көрсеткіш. Дегенмен, оның өзі жеткіліксіз, өлі күнәе дейін көптеген отбасы бастанасыз жүр. Бұл – аурақша әлеуметтік маңызды бар мәселе. Жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай болуы үшін арзан ресурстар ұсынамын. Дәл осы Елбасының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Ішпалу күйі қиындардың көңілін бір серпілтімі. Тағы бір сөзінде Мемлекет басшысы: «Жайлылық дегеніміз – ең алдымен, тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әдемілігі мен қауіпсіздігі. Сондықтан тұрғын үй ішпектасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы «7-20-25» бағдарламасы қолға алынды. Әкімдерге жергілікті бюджет есебінен жетілдірілген ішпектасуды қолға алынаша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын» дегені де есімде. Расында, жайлы баспана – жалпы өмір сүру кепілі. Әйткенмен, жайлы өмірге жете алмай жүркендер қаншама. Енді аталмыш бағдарлама аясында пәтерге қолжетімділік ұлғая түспек. Аталмыш бағдарлама шеңберінде пәтер алуға ниеттілер саны да ауданымыздан бөлек ша артып, 2332 адамға жетті. Енді оларға өз еркімен ауданымыздан бөлек талғар ауданы Қарабұлақ ауылынан (Құлжа тас жолының бойында, Алма-

Сапалы Білімнің Қарашырағы - ҚазҰУ

Қасиетті Қарашырағымыз Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) 85 жыл бойы қазақ халқының, Қазақстан аты Отанымызда тұратын бәріне ұлт пен ұлыстың шамшырағы болып келген жетекші жоғары оқу орны және Орталық Азиядағы жетекші университеттердің бірі. ҚазҰУ – Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында Ұлттық рейтингтің көшбасшысы, сонымен қатар *QS World University Rankings* (QS. Ұлыбритания) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім беру бағдарламалары бойынша 220 орынға ие, Еуропаның және Орталық Азияның дамушы елдерінің жоғары оқу орындарының рейтингінде алғашқы ондыққа кіреді. Бүгін ҚазҰУ өз мүлектерін тек қазақстандық үздік ғалымдар ғана емес, сондай-ақ келтеген министрлер, топ-менеджерлер, парламент мүшелері және Олимпиада чемпионы деп санайды.

Жана дәуірдің жылдам өзгеретін әлеуметтік экономикалық жағдайларына бейім жоғары білікті маман даярлауды мақсат етіп қойған білім кеніші. Университетте білім беру ісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі, оқытудың кредиттік жүйесі толық күшіне енген, оқу үдерісінің ашықтығы, "бакалавр - магистр-PhD" түрінде үш сатылы мамандарды дайындау профессорлық – оқытушылық құраммен қамтамасыз етілген. Қала ішіндегі (Қазтуград) қалашығы деп аталып кеткен құтты мекенде студенттердің

Сондай-ақ, студенттердің көшбасшылық қабілеттерін, ұйымдастырушылық қасиеттерін дамыту мақсатында жастар ұйымдары комитеті жұмыс жасайды. Оның құрамына «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, студенттер Сенаты, «Көмек» еріктілер қозғалысы, студенттер кеңесі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро, студенттердің ғылыми қоғамы кіреді. Қазіргі уақытта университеттегі және одан тыс барлық мерекелік іс-шаралар тікелей аталған жастардың қатысуымен өтеді.

ҚазҰУ – талантты, дарынды, талабы мол студенттердің басын біріктіріп, адамның тұлға болып қалыптасуына зор ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін қасиетті мекен.

**А.ОРАЗЫМБЕТОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Менеджмент және маркетинг кафедрасының
аға оқытушысы,
С.ОРЫМБАЙ,
«Логистика» мамандығының
студенті.**